



Электрондық тендерлік құжаттама

748709 "Бейнеу-Жаңаөзен" магистральдық газ құбырының 2-ші желісінің құрылысы" магистральдық құбыржолдарын салу жұмыстары сатып алу бойынша

«Ашық тендер» тәсілімен

Тапсырыс беруші **"Интергаз Орталық Азия" АҚ**

Ұйымдастырушы **"QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы**

Мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН Нұр-Сұлтан қ. к. Әлихан Бөкейхан ү. здание 12,

Телефон **+7 (717) 255-2355**

Электрондық пошта **a.darkhanbaev@qazaqgaz.kz**

Банк деректемелері: KZT HSBKKZKX, АО «Народный сберегательный банк Казахстана», KZ196010111000020945, Кбе 17

«Ашық тендер» тәсілімен осы электрондық сатып алу <http://zakup.sk.kz> веб-порталында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Жариялануы тиісті ақпарат орналастырылған веб-сайттың электронды мекенжайы <https://zakup.sk.kz>.

Сатып алынатын ТЖҚ тізімі:

Лот №	Сатып алынатын ТЖҚ атауы	Жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары	Жеткізу орны	Жеткізу мерзімі	Жылдар бойынша бөлу		
					Жыл	Саны, көлемі	ҚҚС есебінсіз сома
№ 1 (8-1 Р, 2782100)	Магистральдық құбырларды төсеу бойынша жұмыстар	Магистральді құбыр және ұқсас желілер/жүйелерін жүргізу жұмыстары	ҚАЗАҚСТАН Маңғыстау облысы	Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 12.2023	2022	1	117842545681
					2023	1	41404138023

Өтінішті қамсыздандыру 1.00%.


Тендерлік өтініштің қолданылу мерзімі кемінде 120 күнтізбелік күнді құрауы керек. Тендерге қатысу өтінішін қамсыздандырудың қолданылу мерзімінің өтуі тендерлік өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі күнінен бастап есептеледі.

1. Жалпы ережелер

1.1. Тендерлік құжаттама «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес әзірленді.

Осы тендерлік құжаттамада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Жүйе - «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (zakup.sk.kz);





748709

Электрондық құжат - электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған ақпарат және Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

Электрондық көшірме - түпнұсқа құжаттың (нотариаттық куәландырылған көшірме) мазмұнын электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін, Жүйеде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжат;

ЭЦҚ - электрондық-цифрлық қолтаңба, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілі;

Тапсырыс беруші - Қор немесе Қордың ұйымы;

Сатып алуды ұйымдастырушы - тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы немесе құрылымдық бөлімшесі не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты болып белгіленген заңды тұлға;

Әлеуетті өнім беруші - сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер консорциум, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе);

Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы (ПК) - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызын меншік немесе сенімгерлік басқару құқығы негізінде Қор тікелей иеленетін Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы;

1.2 Тендер құжаттаманы <https://zakup.sk.kz> веб-порталында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы алуға болады.

2. Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру және кездесу өткізу шарттары

2.1. Әлеуетті жеткізуші өтініштерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жүйеде сұраныс беру арқылы жүгінуге құқылы.

2.2. Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы сұраныс келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оған жүйеде жауап беруге міндетті.

Лот № 1 (8-1 Р, 2782100)

3. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

3.1. Сатып алынатын ТЖҚ сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану сипаттамалары техникалық сипаттамада көрсетілген.

Әлеуетті жеткізушіге қойылатын талаптар:

3.2. Әлеуетті өнім берушіде соңғы 5 (бес) жыл ішінде жұмыс тәжірибесінің болуын көздейтін біліктілік талаптары:

3.2.1. Әлеуетті өнім берушінің орындалған жұмыстарды қабылдау - беруді растайтын тиісті актілердің электрондық көшірмелерімен расталған, жиынтық көлемі бір шарт бойынша әрбір жылы ҚҚС-сыз кемінде 75 миллион теңгені құрайтын салада сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс - Газ саласы.

Консорциум тендеріне қатысқан жағдайда осы тармақта көзделген біліктілік талабына оның қатысушыларының консорциалдық келісімімен анықталған консорциумның бас қатысушысы сәйкес келуі керек.

3.3. Әлеуетті өнім берушілерде сатып алудың мәніне сәйкес келетін салада біліктілігі және/немесе жұмыс тәжірибесі бар мамандардың болуы туралы талаптар көзделмеген.

3.3.1. Әлеуетті жеткізушінің келесі мамандары болуы керек:

Мамандық	Біліктілік	Маманның біліктілігін мен жұмыс тәжірибесін растау нысаны	Саны	Еңбек өтілі
Тұрмыс тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған	Инженер/бакалавр/магистр	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-	2	5.00





748709

ортаны қорғау		бабына сәйкес жоғары білімін растайтын құжат; 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инженер" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.		
Құрылыс/Мұнай-газ ісі/Электр энергетикасы	Инженер/бакалавр/магистр	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары техникалық білімін растайтын құжат; 2. "Инженерлік желілер және құрылыстар бойынша учаске бастығы/Мұнай және газ инженері" мамандандырылуының берілгенін растайтын біліктілік аттестаты. Қазақстан Республикасының инженерлік-техникалық қызметкерлерінің тізілімінде болу; 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Учаске бастығы" лауазымындағы маманның жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	1	5.00
Технологиялық жабдықты және онымен байланысты құрылымдарды монтаждаушы	Технологиялық жабдықты және онымен байланысты құрылымдарды монтаждаушы	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына немесе 37-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік немесе қосымша білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Технологиялық жабдықты және онымен байланысты құрылымдарды монтаждаушы" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	20	3.00
Электр энергетикасы/электрмен жабдықтау/Электрмонтер	Электрмонтер/техник-механик	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына немесе 37-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік немесе қосымша білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Жерасты құбырларын коррозиядан қорғау жөніндегі монтер" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	10	5.00
Электр энергетикасы	Инженер/бакалавр/магистр	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары техникалық білімін растайтын құжат; 2. "Бас инженер" мамандандырылуының берілгенін растайтын біліктілік аттестаты. 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен	2	5.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





748709

		көзделген "Инженер-энергетик" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.		
Құрылыс/Мұнай-газ ісі/Электр энергетикасы	Инженер/бакалавр/магистр	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Инженер" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар. 3. МГК объектілерінде дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге басшылық жасауға және техникалық бақылауға рұқсатты және дәнекерлеу өндірісі маманының кемінде ІІ деңгейдегі кәсіптік даярлығын растайтын құжат.	4	5.00
Құрылыс/Мұнай-газ ісі/Электр энергетикасы	Инженер/бакалавр/магистр	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары техникалық білімін растайтын құжат; 2. "Бас инженер" мамандандырылуының берілгенін растайтын біліктілік аттестаты. 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Бас инженер" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	1	5.00
Дәнекерлеу ісі	Электр-газбен дәнекерлеуші	1. Магистральдық газ құбыры объектілерінде дәнекерлеу жұмыстарына рұқсатты және 6-разрядтан төмен емес аттестатталған дәнекерлеушінің І-деңгейдегі кәсіби даярлығын растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Электр-газбен дәнекерлеуші 6-разряд" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	16	3.00
Экология	Инженер/бакалавр/магистр	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары техникалық білімін растайтын құжат; 2. "Бас инженер" мамандандырылуының берілгенін растайтын біліктілік аттестаты. 3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженер (эколог)" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	1	5.00
Дәнекерлеу ісі	Газбен кесуші	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 2-тармағына сәйкес 5-разрядтан төмен емес газбен кесушінің біліктілігін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы	4	3.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





		Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "5-разрядты газбен кесуші" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.		
Коррозияға қарсы оқшаулаудағы оқшаулаушы	Оқшаулаушы	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына немесе 37-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік немесе қосымша білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Коррозияға қарсы оқшаулаудағы оқшаулаушы" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	10	3.00
Электрмен жабдықтау/Электр жабдығы	Электр монтаждаушы/Техник-электрик/ электрмонтер	"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына немесе 37-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік немесе қосымша білімін растайтын құжат. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Электрмонтер" лауазымындағы немесе басқа да сол сала бойынша жұмыстардағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	4	3.00
Автоматтандыру және басқару	Инженер/бакалавр/магистр	1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес жоғары техникалық білімін растайтын құжат; 2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының (1-т., 2-т., 3-т.) тармақтарының бірімен және Тәртіптің №5 қосымшасының 5-тармағымен көзделген "Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика инженері" лауазымындағы қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар.	1	5.00

Әлеуетті өнім берушіде тиісті маманның (мамандардың) болуы әлеуетті өнім берушінің мәлімделген маманды жұмысқа қабылдау актісімен расталады.


Жұмысқа қабылдау туралы акт болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші маманның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмелерін және Тәртіпке № 14 қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны маман ретінде тартуға қолы қойылған келісімнің электрондық көшірмелерін ұсынады.

3.4. Рұқсат (лицензия) беру туралы талаптар

3.4.1. Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге: Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды пайдалануға мемлекеттік лицензия.

3.4.2. Қызметтің кіші түріне: шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауды жобалау, нормалау бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге мемлекеттік лицензия.

3.4.3. Қызметтің кіші түрлері бойынша іздестіру қызметіне мемлекеттік лицензия: - инженерлік-геодезиялық жұмыстар, оның ішінде: жобалау және салу бойынша топографиялық жұмыстар (1:10 000-





нан 1:200-ге дейінгі масштабтағы маркшейдерлік жұмыстар, сондай-ақ жерасты инженерлік желілері мен құрылыстарын зерттеу, іздестіру және іздестіру жұмыстары). жер үсті сызықты құрылымдар мен олардың элементтерін түсіру); - инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрогеологиялық жұмыстар, оның ішінде: Топырақтың далалық зерттеулері, гидрогеологиялық зерттеулер

3.4.4. Қызметтің кіші түрлеріне құрылыс-монтаждау жұмыстарына I санаттағы мемлекеттік лицензия: топырақтағы арнайы жұмыстар, оның ішінде: - негіздерді орнату. Салу, тіреу және (немесе) күрделі жөндеуді және күрделі жөндеуді қамтитын ғимараттар мен құрылыстардың (оның ішінде көпірлердің, көлік эстакадаларының, тоннельдер мен жол өткізгіштердің, өзге де жасанды құрылыстардың) қоршау конструкцияларын объектілерді қайта жаңарту, оның ішінде: - металл конструкцияларын монтаждау; - монолитті, сондай-ақ құрастырмалы бетон және темірбетон конструкцияларын монтаждау, даналы элементтерді қалау және ойықтарды толтыру; - шатыр жұмыстары. * Күрделі жөндеуді және күрделі жөндеуді қамтитын желілік құрылыстарды салу бойынша арнайы Құрылыс және монтаждау жұмыстары; қайта жаңарту, оның ішінде: жалпы республикалық және халықаралық байланыс және телекоммуникация желілерін; - қысыммен жұмыс істейтін не жұмыс істеуге арналған болат резервуарларды (сыйымдылықтарды) немесе өзге де қауіпті (зиянды) сұйық немесе газ тәрізді заттарды сақтау; - газ құбырларының кәсіпшілік және магистральдық желілері. * Инженерлік желілер мен жүйелердің құрылысы, күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде: - жоғары және орта қысымды газбен жабдықтау желілерін, төмен қысымды тұрмыстық және өндірістік газбен жабдықтау желілерін, ішкі газбен жабдықтау жүйелері; - суық және ыстық сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау желілері, тұрмыстық, өндірістік және нөсерлік ағындылардың орталықтандырылған кәрізі, ішкі жүйелер құрылғылары - электрмен жабдықтау желілері және сыртқы электр жарығының құрылғылары, электр жарығының және электр жылытудың ішкі жүйелері. * Құрылыс күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын автомобиль және темір жолдарды, оның ішінде: - III, IV және V автомобиль жолдарының негіздері мен жабындары, қорғаныш құрылыстары мен жайластырылуы сондай-ақ магистралдық болып табылмайтын елді мекендер көшелерінің көлік жүретін бөлігін қамтиды. * Технологиялық жабдықтарды монтаждау, мыналармен байланысты іске қосу - жөндеу жұмыстары: - Байланыс, көліктегі, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін өзге де объектілердегі аварияға қарсы қорғаумен, бақылау және сигнализация жүйесімен, бұғаттаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы бақылау

3.5. Растаушы құжаттарды ұсына отырып, әлеуетті өнім берушіде жабдықтың, техниканың (техникалық құрылғылардың), ғимараттардың (құрылыстардың), үй-жайлардың болуы туралы талаптар

3.5.1. Бұрғылау станоктары-1 бірлік

3.5.2. Толтыру-нығыздау агрегаттары, 300 м3/сағ дейін -1 бірлік

3.5.3. Диаметрі 1400 мм құбырлардың жапсарларын жылытуға арналған қондырғы-1 бірлік

3.5.4. Диаметрі 1000 мм. құбырлардың жапсарларын жылытуға арналған қондырғы -1 бірлік

3.5.5. Диаметрі 1200 мм. құбырларға арналған ішкі гидравликалық центраторлар-1 бірлік

3.5.6. Диаметрі 900-1000 мм. құбырларға арналған ішкі гидравликалық центраторлар-1 бірлік

3.5.7. Пластмассаларды дәнекерлеуге арналған электр жанарғылар-1 бірлік


3.5.8. Тарту күші 31,39 кН (3,2 т) дейінгі электр шығырлар-1 бірлік

3.5.9. Диаметрі 1000-1400 мм. құбырларға арналған оқшаулау машиналары - 1 бірлік

3.5.10. Диаметрі 350-500 мм. құбырларға арналған оқшаулағыш машиналар-1 бірлік


3.5.11. Диаметрі 1000-1200 мм. құбырларды полимерлік ленталармен тазалауға және оқшаулауға арналған машиналар -1 бірлік

3.5.12. Диаметрі 350-500 мм. құбырларды тазалауға және тегістеуге арналған машиналар-1 бірлік






- 3.5.13. Диаметрі 150-300 мм. құбырларды тазалауға және тегістеуге арналған машиналар -1 бірлік
- 3.5.14. Диаметрі 1000-1400 мм. құбырларды тазалауға және тегістеуге арналған машиналар -1 бірлік
- 3.5.15. Тарту күші 5,79 кН (0,59 т) дейінгі электр шығырлар-1 бірлік
- 3.5.16. Автомобиль жүрісті крандар, 25 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.17. Тарту күші 156,96 кН (16 т) электр шығырлар - 2 бірлік
- 3.5.18. Диаметрі 1400 мм құбырларға арналған құбыр төсегіштер, 63-90 Тн. - 4 бірлік
- 3.5.19. Диаметрі 800-1000 мм құбырларға арналған құбыр төсегіштер, 35 Тн.-4 бірлік
- 3.5.20. Диаметрі 700 мм дейінгі құбырларға арналған құбыр төсегіштер, 12,5 Тн.-4 бірлік
- 3.5.21. Диаметрі 400 мм дейінгі құбырларға арналған құбыр төсегіштер, 6,3 Тн. - 2 бірлік
- 3.5.22. Технологиялық жабдықты монтаждау жұмысы кезіндегі пневмодөңгелек жүрісті крандар, 25 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.23. Технологиялық жабдықты монтаждау жұмысы кезіндегі шынжыр табанды жүрісті крандар, 25 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.24. Магистральдық құбырларды салу кезіндегі автомобиль жүрісті крандар, 10 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.25. Технологиялық жабдықты монтаждау жұмысы кезіндегі автомобиль жүрісті крандар, 10 Тн. - 2 бірлік
- 3.5.26. Кран-манипуляторлар, 1,6 Тн.-2 бірлік
- 3.5.27. Өздігінен жүретін тегіс жол катоктары, 13 Тн. - 2 бірлік
- 3.5.28. Өздігінен жүретін тегіс жол катоктары, 8 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.29. Ультрадыбыстық дефектоскоптар-1 бірлік
- 3.5.30. Саз араластырғыштар, 4 м3-2 бірлік
- 3.5.31. Номиналды дәнекерлеу тогы 315-500 А - 1 бірлік бір постылы дәнекерлеу түзеткіштері
- 3.5.32. Магистральдық құбырларды салу кезіндегі бульдозерлер, 96 кВт (130 а. к.) - 3 бірлік
- 3.5.33. Магистральдық құбырларды салу кезіндегі бульдозерлер, 59 кВт-қа дейін (80 а. к.) - 1 бірлік
- 3.5.34. Кабель төсеу колоннасының құрамындағы ДЗ-110В бульдозерлері, 128,7 кВт (175 а. к.) - 1 бірлік





- 3.5.35. Агрегаты сварочные передвижные с номинальным сварочным током 250-400 А, с дизельным двигателем - 4 единицы
- 3.5.36. Номиналды дәнекерлеу тогы 250-400 А, бензинді қозғалтқышы бар жылжымалы дәнекерлеу агрегаттары - 4 бірлік
- 3.5.37. Автомобиль тіркемесінде қолмен дәнекерлеуге арналған қос бекетті дәнекерлеу агрегаттары - 2 бірлік
- 3.5.38. КББ 30-60-75 тс штангаларын бұрауға арналған гидравликалық кілт-1 бірлік
- 3.5.39. 1,5 Тн. дейін борттық жүк-жолаушы автомобильдері - 8 бірлік
- 3.5.40. Гидравликалық кран-манипуляторлық қондырғысы бар борттық жүк көтергіштігі 5 Тн. дейінгі автомобильдер, жебенің ең жоғары ұшуында жүк көтергіштігі 1 Тн. дейін, жебенің ең төменгі ұшуында 3 Тн. дейін - 1 бірлік
- 3.5.41. Бір ожаулы әмбебап фронтальді пневмодөңгелекті тиегіштер, 3 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.42. Жалпы мақсаттағы жартылай тіркемелер, 12 Тн. - 4 бірлік
- 3.5.43. Газбен Дәнекерлеуге және кесуге арналған Аппарат-4 бірлік
- 3.5.44. Құрылымдардың беттерін бояуға арналған жоғары қысымды бояу агрегаттары, 1 кВт. - 1 бірлік
- 3.5.45. Борттық автомобильдер, 8 Тн. дейін - 1 бірлік
- 3.5.46. Борттық автомобильдер, 5 тоннаға дейін - 2 бірлік
- 3.5.47. Диаметрі 1200 мм, 50 Тн. құбырларға арналған құбыр төсегіштер-3 бірлік
- 3.5.48. Беттік вибратор - 1 бірлік
- 3.5.49. Компрессордан жұмыс істеу кезіндегі пневматикалық нығыздағыштар-2 бірлік
- 3.5.50. Пневмодөңгелек жүрісті тракторлар, 59 кВт (80 а. к.) - 2 бірлік
- 3.5.51. Қысымы 686 кПа (7 атм), 5 м³/мин дейінгі Іштен жану қозғалтқышы бар жылжымалы компрессорлар-2 бірлік
- 3.5.52. Орташа типті автогрейдерлер, 99 кВт (135 а. к.) - 1 бірлік
- 3.5.53. Бульдозерлер, 79 кВт (108 а. к.) - 1 бірлік
- 3.5.54. Жылжымалы электр станциялары, 100 кВт дейін - 2 бірлік
- 3.5.55. Жылжымалы электр станциялары, 60 кВт дейін - 1 бірлік
- 3.5.56. Жылжымалы электр станциялары, 4 кВт дейін-4 бірлік





748709

- 3.5.57. 80-500 °с шегіндегі температураны реттейтін дәнекерлеу материалдарын кептіруге арналған электр пештері - 4 бірлік
- 3.5.58. Магистральдық құбырларды салу кезінде шынжыр табанды жүрісті дизельді Бір ожаулы экскаваторлар, 0,65 м3 - 4 бірлік
- 3.5.59. Магистральдық құбырларды салу кезінде шынжыр табанды жүрісті дизельді Бір ожаулы экскаваторлар, 0,5 м3 - 1 бірлік
- 3.5.60. Су шаруашылығы құрылысындағы жұмыс кезінде шынжыр табанды жүрісті дизельді Бір ожаулы экскаваторлар, 0,65 м3-1 бірлік
- 3.5.61. Диаметрі 1400 мм. құбырларға арналған ішкі гидравликалық центраторлар-1 бірлік
- 3.5.62. Автоматтандырылған цементтеу қондырғылары, 15 м3/сағ - 1 бірлік
- 3.5.63. Роторлық бұрғылауға арналған автомобильдер базасындағы бұрғылау қондырғылары мен агрегаттары, бұрғылау тереңдігі 100-200 м. дейін, ұңғымалардың бастапқы диаметрі 190 мм. дейін, түпкі диаметрі 93-118 мм. дейін, жүк көтергіштігі 4 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.64. Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған тұрақты ток қондырғылары - 2 бірлік
- 3.5.65. Флюс қабаты астында автоматты дәнекерлеуге арналған қондырғылар-2 бірлік
- 3.5.66. Құбырларды гидравликалық сынауға арналған қондырғы, айдау қысымы 0,1 МПа (1 кгс/см2) бастап 10 МПа (100 кгс/см2) дейін -1 бірлік
- 3.5.67. Диаметрі 1400 мм. дейін құбырларды кептіруге арналған қондырғы-2 бірлік
- 3.5.68. Магистральдық құбырларды салу кезінде шынжыр табанды жүрісті тракторлар, 96 кВт (130 а. к.) - 1 бірлік
- 3.5.69. Ершікті тартқыштар, 12 Тн. - 4 бірлік
- 3.5.70. Шынжыр табанды жүрісті тракторлар, 79 кВт (108 а. к.) - 3 бірлік
- 3.5.71. 8 Тн. дейінгі арнайы машиналар, барлық көліктер - 1 бірлік
- 3.5.72. Буындарды жылытуға арналған қондырғы-1 бірлік
- 3.5.73. Тасымалданатын электр станциялары, 4 кВт дейін-1 бірлік
- 3.5.74. Бульдозерлер, 59 кВт (80 а. к.) - 1 бірлік
- 3.5.75. Терең Вибратор-1 бірлік
- 3.5.76. Қысымы 9800 кПа (100 атм), 16 м3/мин жылжымалы компрессорлық қондырғылар-2 бірлік
- 3.5.77. Автомобиль жүрісті өрмешектер, 30 Тн. дейін - 2 бірлік
- 3.5.78. Гидравликалық домкраттар, 63 Тн. - 2 бірлік





748709

- 3.5.79. Толтыру-нығыздау агрегаттары, 70 м3/сағ дейін-1 бірлік
- 3.5.80. Шынжыр табанды жүрісті дизельді Бір ожаулы экскаваторлар, 0,65 м3 - 4 бірлік
- 3.5.81. Автотиегіштер, 5 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.82. Автогидрокөтергіштер, көтеру биіктігі 18 м.- 1 бірлік
- 3.5.83. 75 тс тарту күшімен көлденең бағытталған бұрғылау қондырғысы (D 160 x 240) - 1 бірлік
- 3.5.84. Арматураны кесуге арналған станоктар-1 бірлік
- 3.5.85. Суару-жуу машиналары, 6000 л. - 4 бірлік
- 3.5.86. Автомобиль жүрісті крандар, 10 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.87. Құрылыс-монтаждау бұрағыштары-1 бірлік
- 3.5.88. Автомобиль жүрісті крандар, 16 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.89. Полиэтиленді құбырларды дәнекерлеуге арналған агрегаттар - 1 бірлік
- 3.5.90. Өзі аударғыш автомобильдер, 7 Тн. - 1 бірлік
- 3.5.91. Бульдозерлер, 96 кВт (130 а. к.) - 1 бірлік
- 3.5.92. Трактордағы қопсытқыш-бульдозерлер, 79 кВт (108 а. к.) - 1 бірлік

3.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған құрылыс нысандарының жауапкершілік деңгейі туралы ақпарат

3.6.1. Объект деңгейі 1-ші (жоғарылатылған) жауапкершілік деңгейіне жатады.


3.7. Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері

3.7.1. Әлеуетті жеткізушінің жұмыстардың жалпы көлемінің 25.00 % аспайтын жиынтығында жұмыстарды орындау үшін субмердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) тапсыруына рұқсат етіледі.

3.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де талаптар

3.8.1. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімінің құрамында мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс: - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен бекітілген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімді тексеруді растайтын құжаттар ("Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді жүргізу ережелері мен мерзімдеріне және білім тәртібіне" сәйкес), Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасының 3.3.1-тармағында көрсетілген жұмыстарға тартылатын мамандардың сертификаттарының/куәліктерінің және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімді тексеру хаттамаларының электрондық көшірмелерін ұсыну;

3.8.2. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімінің құрамында мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс: -Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында білімін тексеруді растайтын құжаттар ("Азаматтық қорғау туралы"





11.04.2014 жылғы №188-V ҚР Заңының 79-бабына сәйкес), Тапсырыс берушінің Тендерлік құжаттамасының 3.3.1 т.көрсетілген, жұмысқа тартылатын мамандардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында білімін тексеру сертификаттарының/куәліктерінің және хаттамаларының электрондық көшірмелерін ұсыну.

3.9. Сатып алу санаттық стратегиясында айқындалған әлеуетті өнім берушілердің біліктілігіне қойылатын талаптар

3.9.1. Талаптар қарастырылмаған.

4. Тендерге қатысуға өтініштер беру

- 4.1 Ашық тендерге қатысу өтініші (бұдан әрі – өтініш) әлеуетті жеткізушінің пайдаланушысы жүйеде дайындайды және оның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылады.
- 4.2 Әлеуетті жеткізушінің электрондық сатып алуға қатысуға берген өтініші жүйеде жарияланған сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген соңғы күн мен уақытқа дейінгі мерзімде жүйеде автоматты түрде тіркеледі.
- 4.3 Электрондық сатып алуға қатысуға өтінішті қабылдауды немесе қабылдаудан бас тартуды растау ретінде электрондық сатып алуға қатысуға өтініш берген әлеуетті жеткізушіге жүйе автоматты түрде хабар береді.
- 4.4 Әлеуетті жеткізуші оның Ашық тендер тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығындарын өзі төлейді. Тапсырыс беруші/сатып алуды ұйымдастырушы (тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы) Ашық тендер тәсілімен сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелер алмайды.

5. Тендерге қатысуға өтініштерінің мазмұны

5.1. Сатып алуға қатысуға өтініште келесілер қамтылады:

- 1) электрондық құжат нысанында сатып алуға қатысуға әлеуетті жеткізуші толтырған және қолтаңбасын қойған өтініш;
- 2) Тендерлік өтінімдерді ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген әлеуетті өнім берушіні, әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысы мен құрылтайшылары (қатысушылары) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді қамтитын құжат (құжаттар).
Электрондық құжат немесе электрондық көшірме нысанында ұсынылады.
Консорциум қатысқан жағдайда консорциумға кіретін әрбір заңды тұлға бойынша көрсетілген мәліметтерді қамтитын құжаттар, консорциумға кіретін әрбір заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының консорциум туралы келісімге қол қою құқығын растайтын құжат, сондай-ақ консорциум туралы келісім ұсынылады.
Консорциум әлеуетті өнім берушінің құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтерді қамтитын құжат ретінде қатысқан жағдайда, оның ішінде консорциумға кіретін әрбір заңды тұлғаның жарғылары ұсынылуы мүмкін.
Жеке кәсіпкерлікті заңды тұлғаны құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін осы тармақта көрсетілген құжат ретінде әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген мәліметтерді қамтитын құжат ұсынылады.
Акционерлік қоғамдар үшін әлеуетті өнім берушінің құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтерді қамтитын құжат ретінде ашу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытта берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме де ұсынылуы мүмкін.
Осы тармақта көзделген құжатты (құжаттарды) беру мерзіміне қойылатын талап Қазақстан Республикасының резиденті емес- әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.
- 3) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген рұқсат (лицензия) немесе рұқсаттың (лицензиялаудың) электрондық жүйесін пайдаланатын рұқсат (лицензия) берген мемлекеттік органның ресми интернет көзіне (веб-сайтына) сілтемені қамтитын әлеуетті өнім берушінің өтініші.
Тендердің шарттарында міндетті рұқсат алуға (лицензиялауға) жататын қызмет көзделген жағдайда ұсынылады.
Электрондық көшірме нысанында ұсынылады (әлеуетті өнім берушінің өтініші электрондық құжат нысанында да ұсынылуы мүмкін).
Консорциум қатысқан жағдайда, егер консорциалдық келісімнің талаптарында өзгеше көзделмесе, консорциалдық келісімге сәйкес тауарды жеткізуге/жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге жауап беретін консорциумға қатысушыда рұқсат (лицензия) болуы қажет.
Консорциумға қатысушылар жеткізетін/орындайтын/көрсететін тауарлар/жұмыстар/көрсетілетін қызметтер туралы консорциялық келісімде ақпарат болмаған жағдайда рұқсатқа (лицензияға) консорциумның бас қатысушысы ие болуға тиіс.
- 4) Әлеуетті өнім берушінің Жүйеде қалыптастырылған электрондық құжат нысанындағы техникалық ерекшелігін (техникалық тапсырмасын). Бұл ретте техникалық ерекшелікке тендерлік құжаттамада





белгіленген талаптарға сәйкес келетін электрондық құжаттар және/немесе электрондық көшірме түріндегі құжаттар қоса берілуі және/немесе электрондық көшірме түріндегі құжаттар қосымша ұсынылуы мүмкін. 5 аталған тендер құжаттамасының 3.2 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

6) аталған тендер құжаттамасының 3.3 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

7) аталған тендер құжаттамасының 3.5 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

8) аталған тендер құжаттамасының 3.8 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

9) Электрондық құжат немесе электрондық көшірме нысанында жұмыстарды орындау бойынша субмердігерлердің (қызметтерді көрсету кезінде бірлесіп орындаушылардың) тізімі, тендерлік құжаттамасында анықталған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемінен аспауға тиіс субмердігерлерге (бірлесіп орындауға) берілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі және түрлері;

10) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттар (лицензиялар) немесе қосалқы мердігер орындайтын жұмыстарға (бірлесіп орындаушы көрсететін қызметтерге) рұқсаттың (лицензиялаудың) электрондық жүйесін пайдаланатын рұқсат (лицензия) берген мемлекеттік органның ресми интернет көзіне (веб-сайтына) сілтемені қамтитын әлеуетті өнім берушінің электрондық құжаты немесе электрондық көшірме форматындағы өтініші.

Әлеуетті өнім беруші міндетті рұқсат алуға (лицензиялауға) жататын қызмет болжанатын тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда ұсынылады.

Электрондық көшірме нысанында ұсынылады (әлеуетті өнім берушінің өтініші электрондық құжат нысанында да ұсынылуы мүмкін).;

11) Электрондық сатып алуға қатысуға өтінішін қамсыздандырудың төленгенін растайтын, тендерлік құжаттамада жазылған төлеу шарттарына, мазмұнына және түріне немесе электрондық банктік кепілдікке сәйкес келетін құжаттың электрондық көшірмесі, бұл жағдайда электрондық сатып алуға қатысу өтінішін қамтамасыз ету сомасы тендерлік құжаттамада белгіленген мөлшерден төмен болмауы керек;

12) Тендерлік құжаттамада көрсетілген бағалау және салыстыру өлшемшарттарының өтінімге қолданылуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (әлеуетті өнім беруші бағаны шартты төмендетуге әсер ететін өлшемшарттарды қолдануға үміткер болған жағдайда).

Әлеуетті өнім беруші бағаны шартты түрде төмендетуге әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге шартты жеңілдікті қолданбайды.

Бұл ретте бағаның шартты түрде төмендеуіне әсер ететін өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбау мұндай өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды;

13) Әлеуетті жеткізуші қол қойған электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысы;

Екі кезеңдік тендер тәсілімен сатып алуды өткізу кезінде баға ұсынысы сатып алуды өткізудің екінші кезеңінде ұсынылады.

14) Тендер өтінішінің электрондық құжат нысанында көрсетілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шарттарымен, түрімен, көлемімен және тәсілімен әлеуетті жеткізушінің келісуі туралы мәліметтер;

15) Әлеуетті өнім берушінің Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне әлеуетті өнім берушіні енгізу шарттарымен танысуы туралы мәліметтер;

16) Әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес әлеуетті жеткізушінің атынан сенімхатсыз әрекет етуге құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, жүйеде қалыптастырылған және әлеуетті жеткізушінің мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) тендерге қатысуға өтінімде қамтылған өтінімге және құжаттарға қол қою құқығына берілген электрондық сенімхат. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуші осы тармақшада көзделген құжатты электрондық нысанында ұсынады.

17) Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын және әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары тең болған кезде қолданылатын біртекті сатып алынатын құжаттар. Жұмыс тәжірибесі жеткізілген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті жүкқұжаттардың/ актілердің электрондық көшірмелерімен расталады. Көрсетілген құжаттарды ұсынбау тендерлік өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды.

5.2. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуші осы тармақта қарастырылған Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты құжаттарды не ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады.

5.3. Осы тендерлік құжаттаманың 5.1-тармағының 2) тармақшасында көзделген құжаттар Қордың алдын ала біліктілік іріктеуінің ақпараттық жүйесінен білікті әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінің құрамына автоматты түрде енгізіледі.

5.4. Тендерлік өтінішті қалыптастыру барысында жүйемен қалыптастырылатын құжаттарды қоспағанда, осы тендерлік құжаттаманың 5.1-тармағында саналанған құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерінің электрондық көшірмелерін тапсыруға рұқсат етіледі.

6. Тендер өтініштерін жасау және ұсыну тіліне қойылатын талаптар





6.1. Өтінім, сондай-ақ өтінімге қарасты барлық құжаттар мен мәліметтер, әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Дегенмен, техникалық сипаттама, Жүйе автоматты түрде қалыптастыратын құжаттар және мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Бұл ретте өтінімде бірінші абзацының талаптары ескеріле отырып, әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы қоса берілген жағдайда басқа тілде жасалған құжаттар болуы мүмкін. Бұл жағдайда аударма басымдыққа ие болады.

7. Баға ұсынысының мазмұнына және валютасына қойылатын талаптар

7.1 Электрондық құжат нысанындағы баға ұсынысын әлеуетті жеткізушінің пайдаланушысы жүйеде қалыптастырады және оның ЭЦҚ-мен қол қояды;

7.2 Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысында бірлік бағасы, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тасымалдауға және сақтандыруға, кедендік баждарды, басқа да салықтарды, алымдарды төлеуге, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында қарастырылған басқа да шығыстарды қоса алғанда, ҚҚС есепке алмағанда, олардың жалпы/қорытынды бағасы қамтылуға тиіс.

Тауарларды кешенді сатып алу немесе қызметтерді кешенді сатып алу жағдайында әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы әрбір лот бойынша бағаны көрсете отырып, ҚҚС қоспағанжа лоттар жиынтығына біріктірілген барлық лоттарға (кешенді сатып алу) ұсынылуға тиіс.

7.3 Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысында тендерлік құжаттамада айқындалған Тапсырыс берушінің шарттарында ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жеңілдік, сондай-ақ балама шарттарды ескере отырып ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы/қорытынды бағасына жеңілдік болуы мүмкін.

Әлеуетті жеткізуші Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарында жалпы/қорытынды бағаға жеңілдіктер және (немесе) балама шарттар кезінде жеңілдіктер ұсынған жағдайда, баға ұсынысында көрсетілген жеңілдіктерді ескере отырып, жалпы/қорытынды баға қамтылуы керек;

Ұзақ мерзімді сатып алуды жүзеге асыру кезінде баға ұсынысында осы тармақшада айқындалған тәртіппен жылдар бойынша бөлінген бағалар туралы ақпарат қамтылуға тиіс;

7.4 Электрондық сатып алуға қатысушының баға ұсынысы теңгемен көрсетілуі тиіс.

8. Тендерлік өтінішін енгізу шарттары, мазмұны және қамсыздандыру түрлері

8.1. Әлеуетті өнім беруші Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді, ҚҚС-ны есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген соманың 1.00% -ы мөлшерінде келесіге кепілдік ретінде енгізеді:

1) өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алмайды немесе өзгертпейді;

2) ол тендер жеңімпазы деп айқындалған жағдайда, Тапсырыс берушімен тендер қорытындыларының хаттамасында белгіленген мерзімде шарт жасасады және сатып алу талаптарында осындай қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізілген сомасының тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлемді аудару, банк кепілдігін беру немесе осы тендерлік құжаттамада айқындалған өзге де қамтамасыз ету күніне белгіленген бағамына сәйкес айқындалады.

8.2. Әлеуетті жеткізуші өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) Кепілдік ақшалай жарна түрінде болады, ол келесі деректемелер бойынша салынады: компанияның атауы "Интергаз Орталық Азия" АҚ, БСН 970740000392, ЖСК KZ196010111000020945, Кбс 17, банкте АО «Народный сберегательный банк Казахстана», БСК HSBKKZKX.

Растаушы құжатта тендердің атауы мен нөмірі, қамтамасыз ету сомасы, тапсырыс берушінің/ұйымдастырушының және/немесе әлеуетті жеткізушінің атауы көрсетілуі керек.


2) Банк кепілдігі, соның ішінде электронды банк кепілдігі

Қағаз нұсқасындағы банк кепілдігінің түпнұсқасы Тапсырыс берушіге/сатып алуды ұйымдастырушыға тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзіміне дейін келесі мекенжай бойынша ұсынылады: Нұрсұлтан қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12. "QAZAQGAZ ҰК"АҚ кеңсесі.

8.3. Өтінішті қамсыздандырудың қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

Бұл ретте электрондық сатып алуға қатысуға өтініті қамсыздандырудың қолданылу мерзімінің өтуі тендерге қатысуға өтініштер ашылған күннен басталады.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы жуықталады. Бұл жағдайда елу тиыннан аз сома нөлге дейін жуықталады, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін жуықталады.





8.4. Сатып алуға қатысуға өтінімді қамсыздандыруды енгізуді растауды қамтымайтын барлық өтінімдерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейтіндей етіп кері қайтарады.

8.5 Тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді келесілер енгізбейді:

- 1) Қор және Қордың ұйымдары;
- 2) МҰ тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдары (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер - жеке тұлғалар);
- 3) білікті әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуға қатысу кезінде білікті әлеуетті өнім берушілер;
- 4) Сатып алынатын тауарды тауар өндірушілер (тәртіпке № 6 қосымшаның 18-тармағында көрсетілген өтініш (декларация) негізінде сатып алынатындарымен біртектес тауарларды тауар өндірушілер). Аталған тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларының ережелері консорциумдарға қатысты қолданылмайды.

8.6. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге қайтарылады:

- 1) аталған әлеуетті өнім беруші өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алған жағдайда;
- 2) тендер қорытындыларының хаттамасына қол қойған жағдайда. Аталған жағдай тендер жеңімпазына және тендер қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге қолданылмайды;
- 3) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер жеңімпазы тендерлік құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда;
- 4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер қорытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз еткен жағдайда.
- 5) сатып алу туралы шарт күшіне енген (егер тендерлік құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделмеген жағдайда);
- 6) сатып алуды жүзеге асырудың күші жойылған/одан бас тартылған жағдайда.

8.7. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтарылмайды:

- 1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;
- 2) тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамаса не уақтылы орындамаса;
- 3) салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша тәртіптің 43-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда айқындалған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса немесе сатып алу туралы шарт жасаса отырып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындамаса немесе уақтылы орындамаса.

9. Тендерлік өтініштерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

9.1. Әлеуетті жеткізуші электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірместен:

- 1) Электрондық сатып алуға қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыру;
 - 2) Өзі енгізген сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, электрондық сатып алуға қатысуға өзінің өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.
- Сатып алуға қатысуға өтінішті ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін электрондық сатып алуға қатысуға өтінімді қайтарып алуға жол берілмейді.

10. Тендерлік өтінімдерді ашу

10.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініштер жүйеде ұсынылған өтінімдердің мазмұнын жариялау арқылы хабарландыруда көрсетілген күні және уақытта автоматты түрде ашылады.


Ашылған өтінімдерді қарау үшін қолжетімділік тендерлік комиссияның құрамына енгізілген пайдаланушыларға, тендерлік комиссияның хатшысына, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға, байқаушыларға және Тапсырыс беруші тікелей немесе жанама түрде тиесілі портфельдік компанияларға беріледі.

Аталған электрондық сатып алуға қатысқан әлеуетті жеткізушілерге көрсетілген қолжетімділік рұқсат беру хаттамасы (кемітуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып ашық тендер өткізу кезінде) немесе қорытындылар хаттамасы (ашық тендер өткізу кезінде) жарияланғаннан кейін беріледі.

10.2. Электрондық сатып алуға қатысуға өтініш, сонымен қатар, электрондық тендерге (лотқа) электрондық сатып алуға (лотқа) қатысуға 1 (бір) өтініш тапсырылған жағдайда да ашылады және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі қаралады.

10.3. Әлеуетті жеткізушілердің электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерін ашу хаттамасы жүйеде автоматты түрде ресімделеді.

10.4. Егер ашу күні мен уақытына дейін тендерге қатысуға бірде-бір өтінім түспесе, ашық тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылады және жүйе сатып алу қорытындыларының хаттамасын





қалыптастырады.

11. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру тәртібі

11.1. Электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді тендерлік комиссия өтінімдердің осы тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

11.2 Тендерлік комиссия электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендерлік өтінімдерді алдын ала қарауды жүзеге асырады. Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде өтінімдерді тендерлік комиссия сарапшыны (сараптама комиссиясын) тарта отырып, тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әлеуетті өнім берушінің оны өндіру кезінде баламалы техникалық сипаттамаларды және (немесе) технологиялық шешімдерді ұсынуына байланысты лоттардың бір бөлігі немесе бір лот өнімді сынауға байланысты қосымша қарауды талап ететін тауарларды сатып алу жүргізілген жағдайда, осы лот (лоттар) бойынша өтінімдерді қарау мерзімі сынақтар нәтижелерін алғанға дейін қосымша ұзартылады, бірақ одан артық болмауы тиіс 20 (жиырма) жұмыс күніне қарағанда.

11.3. Тендерлік комиссия Өтінімдерді қарау кезінде өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Сұрату жіберілген жағдайда өтінімдерді қарау мерзімі ақпарат алу мерзіміне мөлшерлес, бірақ 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге дейін қосымша ұзартылады.

11.4. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдердің мазмұнына ескертулер болмаған жағдайда қорытындылар хаттамасы қалыптастырылады.

11.5. Тендерлік комиссияда электрондық сатып алуға қатысуға арналған өтінімдердің мазмұнына ескертулер болған жағдайда, тендерлік өтінімдерді алдын ала қарау рәсімінің қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктердің толық тізбесі көрсетіле отырып, алдын ала қарау хаттамасы қалыптастырылады.

Алдын ала қарау хаттамасына тендерлік комиссияның мүшелері және оның хатшысы қол қояды.

Алдын ала қарау хаттамасы тендерлік комиссияның мүшелері мен хатшысына, сатып алуды бақылау бойынша орталықтандырылған қызметке, Тапсырыс беруші тиесілі тікелей немесе жанама түрде жататын Байқаушыларға және ПК-ге қарау үшін қолжетімді болады. Бұл ретте осы сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім берушілерге алдын ала қарау хаттамасына қолжетімділік қорытындылар хаттамасы жарияланғаннан кейін беріледі.

Өтінімдерінде сәйкессіздіктер анықталған әлеуетті өнім берушілер алдын ала қарау хаттамасына қол қойылғаннан кейін сатып алу веб-порталы арқылы өздерінің тендерлік өтінімдерінде анықталған сәйкессіздіктер туралы хабарламаны автоматты түрде алады.

Өтінімдерінде сәйкессіздіктер анықталған әлеуетті өнім берушілер анықталған сәйкессіздіктер туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында тендерлік өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістер беруге құқылы. Бұл ретте, тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсыну бойынша талап болған жағдайда, электрондық сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген немесе оны тендерлік құжаттамада айқындалған талаптарды бұза отырып енгізген әлеуетті өнім берушілердің электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ұсынуға жол берілмейді.

Тендерлік өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістер ұсынған кезде әлеуетті өнім беруші анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлердің (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылардың) тізбесін, қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындауға) берілетін жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлерін көрсете отырып, тендерге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға құқылы.

11.6. Тендерге қатысуға өтінішке толықтыруларды және/немесе өзгерістерді алдын ала қарау және беру рәсімінің қорытындылары бойынша тендерлік өтінімдерді қайта қарау өтінімге толықтырулар және/немесе өзгерістерді қабылдау үшін көзделген мерзім өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

